

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 432 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 маусымда № 11357 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 15 шілдедегі № 518 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 15.07.2020 № 518 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты мен ведомстволары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, көліктегі) аумақтық органдары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қалалық, аудандық (қалалардағы аудандар), желілік аумақтық органдары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы мақсаттағы бөліністері қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің саптық бөліністері қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары;

7) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің патрульдік полициясы саптық бөліністері қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.09.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2019 № 646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Мынадай:

1) "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 26 тамыздағы

№ 517 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 2013 жылғы 4 қазанда № 8777 болып тіркелген, 2013 жылғы 19 желтоқсанда № 339 (27613) және № 277 (28216) тиісінше "Казахстанская правда" және "Егемен Қазақстан" газеттерінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік өртке қарсы қызметі органдары лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 392 бұйрықтарының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 2013 жылғы 2 қазанда № 8754 болып тіркелген, 2014 жылғы 9 қаңтарда № 4 (27625) және № 4 (28228) тиісінше "Казахстанская правда" және "Егемен Қазақстан" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, департаменттерінің, дербес басқармаларының және бөліністерінің бастықтары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, көліктегі полиция департаменттерінің, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, төтенше жағдайлар департаменттерінің және оқу орындарының бастықтары лауазымға тағайындау кезінде осы бұйрықты қатаң басшылыққа алсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.09.2018 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Кадр жұмысы департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-майоры М.Ғ. Демеуовке, Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаментіне (А.Ү. Әбдіғалиев) жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік күн он өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері жәнeсыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы

_____ Қ. Қожамжаров

2015 жылғы 13 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 432 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты мен ведомстволары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2019 № 646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Санаты	Лауазымның атауы	Біліміне қойылатын талаптар	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар	Қосымша талаптар
1.	C-SV-1	Аппарат басшысы Комитет төрағасы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі он жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-2, C-SVO-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі он жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда төрт жылдан кем емес; 3) мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі он бір жылдан кем емес, оның ішінде саяси лауазымдарда немесе "А" корпусының лауазымдарында немесе А-	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне

				1, B-1, C-1, C-O-1, D-1, D-O-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес; 4) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі он екі жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда алты жылдан кем емес.	қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
2.	C-SV-2	Департамент бастығы Комитет төрағасының орынбасары	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-3, C-SVO-2, C-SVU-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда екі жылдан кем емес; 3) мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі он жылдан кем емес, оның ішінде саяси лауазымдарда немесе "А" корпусының лауазымдарында немесе А-2, В-2, С-2, С-О-2, D-2, D-O-2, E-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес; 4) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі он бір жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда бес жылдан кем емес; 5) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Ішкі аудит қызметі үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы сертификатының бар болуы. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне

				жұмыс өтілі он бір жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда бес жылдан кем емес.	қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
3.	C-SV-3	Департамент бастығының орынбасары Қырғыз Республикасы ІІМ-дегі Қазақстан Республикасы ІІМ-нің өкілетті өкілі Өкілетті аймақтық инспектор Басқарма бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-4, C-SVO-3, C-SVU-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда бір жылдан кем емес; 3) мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде саяси лауазымдарда немесе "А" корпусының лауазымдарында немесе А-3, В-3, С-3, С-О-3, С-Р-1, D-3, D-О-3, Е-2, Е-Р-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес; 4) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі он жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда төрт жылдан кем емес; 5) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі он жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда төрт жылдан кем емес.	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Ішкі аудит қызметі үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы сертификатының бар болуы. Интерполға міндетті түрде ресми төрт тілдің біреуін білуі керек: ағылшын, араб, француз немесе испан. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
				1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-5	

4.	C-SV-4	Комитеттің, департаменттің басқарма бастығы Басқарма бастығының орынбасары Орталық органның бірінші басшысының кеңесшісі Автокөліктік қызмет көрсету мекемесінің бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	санатынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес; 3) мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде саяси лауазымдарда немесе "А" корпусының лауазымдарында немесе А-4, В-5, С-4, С-О-5, С-Р-2, D-4, D-О-4, Е-3, Е-Р-2, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес; 4) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда үш жылдан кем емес; 5) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда үш жылдан кем емес.	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Ішкі аудит қызметі үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы сертификатының бар болуы. Интерполға міндетті түрде ресми төрт тілдің біреуін білуі керек: ағылшын, араб, француз немесе испан. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
5.	C-SV-5	Комитеттің, департаменттің басқарма бастығының орынбасары Аса маңызды істер жөніндегі бас инспекторы (уәкіл) Бөлім бастығы Автокөліктік қызмет	нақты лауазымның функционалдық	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-8 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес;	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Ішкі аудит қызметі үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы сертификатының бар болуы.

		көрсету мекемесі бастығының орынбасары Кезекші бөлімнің бастығы	бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	3) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес ; 4) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес.	Интерполға міндетті түрде ресми төрт тілдің біреуін білуі керек: ағылшын, араб , француз немесе испан. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
6.	C-SV-6	Комитет, департамент басқармасының бөлім бастығы Бөлім бастығының орынбасары Орталық органның бірінші басшысының көмекшісі "Әскери және арнайы жабдықтау базасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-8 санатынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес; 3) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес ; 4) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес.	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Ішкі аудит қызметі үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы сертификатының бар болуы . Интерполға міндетті түрде ресми төрт тілдің біреуін білуі керек: ағылшын, араб , француз немесе испан. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
7.	C-SV-7	Комитет, департамент басқармасы бөлім бастығының орынбасары Бөлімше бастығы "Әскери және арнайы жабдықтау базасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары "Әскери және	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-9 санатынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес; 3) аталған санаттағы нақты	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Ішкі аудит қызметі үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы сертификатының бар болуы . Интерполға міндетті түрде

		арнайы жабдықтау базасы" мемлекеттік мекемесінің бөлімше бастығы		лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі алты жылдан кем емес; 4) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес.	ресми төрт тілдің біреуін білуі керек: ағылшын, араб, француз немесе испан. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
8.	C-SV-8	Аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші (жедел уәкіл, анықтаушы) Ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспектор Бас: криминалист, ревизор-аудитор, маман-дәрігер, маман-психолог, маман-полиграфолог, маман Кезекші бөлім бастығының көмекшісі – жедел кезекші	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-9 санатынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарындағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес; 3) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі алты жылдан кем емес (психологтар мен полиграфологтар лауазымдарының орнын басу үшін аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес); 4) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес. Жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарду ашу және киберқылмысқа қарсы күрес, жедел-криминалистикалық қызмет, техникалық	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Интерполға міндетті түрде ресми төрт тілдің біреуін білуі керек: ағылшын, араб, француз немесе испан. Ішкі аудит қызметі үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы

				қызмет, ақпараттандыру және байланыс саласындағы лауазымдардың орнын басу үшін талаптар қызмет өтіліне белгіленбейді.	сертификатының бар болуы.
9.	C-SV-9	Барлық атаулардағы аға: тергеуші, анықтаушы, жедел уәкіл, криминалист, ревизор-аудитор, инспектор және инженер	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі үш жылдан кем емес; 2) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес (психологтар мен полиграфологтар лауазымдарының орнын басу үшін аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес); 3) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес. Экстремизмге қарсы іс-қимыл, жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарды ашу және киберқылмысқа қарсы күрес бөліністеріндегі; жедел-криминалистикалық қызмет, техникалық қызмет, ақпараттандыру және байланыс қызметіндегі лауазымдардың орнын басу үшін талаптар жұмыс өтіліне белгіленбейді.	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Интерполға міндетті түрде ресми төрт тілдің біреуін білуі керек: ағылшын, араб, француз немесе испан.
				1) құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бір жылдан кем емес; 2) аталған санаттағы нақты лауазымның	

10	C-SV-10	Барлық атаулардағы тергеуші, анықтаушы, жедел уәкіл, криминалист, ревизор-аудитор, инспектор және инженер	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес (психологтар мен полиграфологтар лауазымдарының орнын басу үшін аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі екі жылдан кем емес); 3) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі үш жылдан кем емес. Экстремизмге қарсы іс-қимыл, жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарды ашу және киберқылмысқа қарсы күрес бөліністеріндегі; жедел-криминалистикалық қызмет, техникалық қызмет, ақпараттандыру және байланыс қызметіндегі лауазымдардың орнын басу үшін талаптар жұмыс өтіліне белгіленбейді.	Интерполға міндетті түрде ресми төрт тілдің біреуін білуі керек: ағылшын, араб, француз немесе испан.
11	C-SV-12	Барлық атаулардағы полицей-жүргізуші, кіші жедел уәкіл, қойма меңгерушісі	орта білім немесе орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім.		Полицей-жүргізушілер үшін жүргізуші куәлігінің болуы.
12	C-SV-13	Техник, кіші инспектор	орта білім немесе орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік,		

		орта білімнен кейінгі білім.	
--	--	---------------------------------	--

Ескертпе: Осы біліктілік талаптарындағы жұмыс өтіліне білім беру ұйымдарындағы, оның ішінде құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың, әскери оқу орындарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарындағы оқу кезеңдері және әскери қызмет өтіліне мерзімді әскери қызмет кезеңдері енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 432 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана, көліктегі) аумақтық органдары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2019 № 646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Санаты	Лауазымның атауы	Біліміне қойылатын талаптар	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар	Қосымша талаптар
1.	C-SVO-1	Облыстық аумақтық органның бастығы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде C-SVO-2, C-SV-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда екі жылдан кем емес; 3) мемлекеттік қызметтегі қызмет өтілі он жылдан кем емес, оның ішінде саяси лауазымдарда немесе "А" корпусының лауазымдарында немесе А-2, В-2, С-2, С-О-2, D-2, D-О-2, Е-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес;	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.

2.	C-SVO-2	Облыстық аумақтық орган бастығының орынбасары Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі бастығының орынбасары	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде C-SVO-3, C-SV-4, C-SVR-2, C-SGU-6 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда бір жылдан кем емес; 3) мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі тоғыз жылдан кем емес, оның ішінде саяси лауазымдарда немесе "А" корпусының лауазымдарында немесе А-3, В-3, С-3, С-О-3, С-Р-1, D-3, D-О-3, Е-2, Е-Р-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес; 4) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі он жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда төрт жылдан кем емес;	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
				1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес, оның ішінде C-SVO-4, C-SV-8, C-SVR-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік	

3.	C-SVO-3	Облыстық аумақтық органның басқарма бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес; 3) мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде саяси лауазымдарда немесе "А" корпусының лауазымдарында немесе А-4, В-5, С-4, С-О-5, С-Р-2, D-4, D-О-4, Е-3, Е-Р-2, Е-Г-1 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес; 4) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін саласындағы жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда үш жылдан кем емес;	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
4.	C-SVO-4	Облыстық аумақтық орган басқармасы бастығының орынбасары Облыстық аумақтық органның бөлім бастығы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бөлім бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-8, C-SVR-4 санаттарынан төмен емес лауазымдарда (учаскелік полиция инспекторы лауазымын қоспағанда) бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес; 3) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес;	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
				1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-9, C-SVR-6 санаттарынан	

5.	C-SVO -5	Облыстық аумақтық орган басқармасының бөлім бастығы Облыстық аумақтық орган бөлім бастығының орынбасары Қазақстан Республикасы ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі бөлім бастығының орынбасары Облыстық аумақтық орган бастығының көмекшісі	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	төмен емес лауазымдарда (учаскелік полиция инспекторы лауазымын қоспағанда) бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес; 3) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі алты жылдан кем емес;	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
6.	C-SVO -6	Облыстық аумақтық орган басқармасы бөлім бастығының орынбасары Облыстық аумақ-тық органның: бөлімше, қызмет, кезекші бөлімінің, кинологиялық қызмет орталығының, уақытша ұстау изоляторының, қабылдау-тарату орнының, арнайы қабылдау орнының, автошаруашылық бастығы Қазақстан Республикасы ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бөлімше бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау органдарында немесе арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі үш жылдан кем емес; 2) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес;	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
		Облыстық аумақтық органның аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі (жедел уәкілі, анықтаушысы), ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Барлық атаулардағы			

7.	C-SVO -7	бас: криминалист, ревизор, маман-психолог, маман-полиграфолог, инженер, облыстық аумақтық органның маманы Облыстық аумақтық органның: кинологиялық қызмет орталығы, уақытша ұстау изоляторы, қабылдау-тарату орны, арнайы қабылдау орны, автошаруашылық бастығының орынбасары Бөлім, кезекші бөлім бастығының көмекшісі – жедел кезекші Облыстық аумақтық органның жедел кезекшісі	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау органдарында немесе арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі үш жылдан кем емес; 2) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес;	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы.
8.	C-SVO -8	Облыстық аумақтық органның барлық атаулардағы аға: тергеушісі, анықтаушысы, криминалисі, жедел уәкілі, ревизоры, маман-психологы, маман-полиграфологы, мемлекеттік автоинспекторы, инспектор және инженер	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бір жылдан кем емес; 2) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес; Экстремизмге қарсы іс-қимыл, жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарды ашу және киберқылмысқа қарсы күрес бөліністеріндегі; жедел-криминалистикалық қызмет, техникалық қызмет, ақпараттандыру және байланыс қызметіндегі лауазымдардың орнын басу үшін талаптар жұмыс өтіліне белгіленбейді.	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы.
		Облыстық аумақтық органның барлық			

9.	C-SVO-9	атаулардағы: тергеушісі, анықтаушысы, криминалисі, жедел уәкілі, ревизоры, психологы, полиграфологы, мемлекеттік автоинспекторы, инспектор және инженер	1) нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім 2) орта білімнен кейінгі білім (тек инспектор-кинологтар үшін)		
10	C-SV-12	Облыстық аумақтық орган жедел кезекшісінің көмекшісі, аға техник. Бөлімше командирі, барлық атаулардағы полицей, старшина, кезекшінің көмекшісі, кіші жедел уәкіл, тергеушінің көмекшісі, барлық атаулардағы қойма меңгерушісі	орта білім		Полицей-жүргізушілер үшін жүргізуші куәлігінің болуы.
11	C-SV-13	Облыстық аумақтық органның жүргізуші-қызметкері, барлық атаулардағы техниктер және операторлар, кіші инспектор, кіші инспектор-кинолог	орта білім		Полицей-жүргізушілер үшін жүргізуші куәлігінің болуы.

Ескертпе: Осы біліктілік талаптарындағы жұмыс өтіліне білім беру ұйымдарындағы, оның ішінде құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың, әскери оқу орындарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарындағы оқу кезеңдері және әскери қызмет өтіліне мерзімді әскери қызмет кезеңдері енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 432 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қалалық, аудандық (қалалардағы аудандар), желілік аумақтық органдар қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2019 № 646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Санаты	Лауазымның атауы	Біліміне қойылатын талаптар	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар	Қосымша талаптар
1.	C-SVR-1	Облыстық маңызы бар қаладағы (республикалық маңызы бар қала ауданында) аумақтық органның бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес, оның ішінде C-SVR-3, C-SV-5, C-SVO-4 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес ; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес;	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
2.	C-SVR-2	Облыстық маңызы бар қаладағы (республикалық маңызы бар қала ауданында) аумақтық орган бастығының орынбасары	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде C-SVR-4, C-SVO-6 санаттарынан төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем емес . Қалалық, аудандық аумақтық органның бастықтары үшін құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде C-SVR-4, C-SVO-5 санаттарынан	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне

		Қалалық, аудандық аумақтық органның бастығы		төмен емес лауазымдарда бір жылдан кем е м е с ; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем е м е с ; 3) осы санаттағы н а қ т ы лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес;	қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
3.	C-SVR-3	Қалалық, аудандық аумақтық орган бастығы, бастығының орынбасары	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде C-SVR-5, C-SVO-8 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттағы лауазымдарда бір жылдан кем е м е с ; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем е м е с ; 3) осы санаттағы н а қ т ы	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне

				лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес;	қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
4.	C-SVR-4	Қалалық, аудандық аумақтық органның бастығы, Қалалық, аудандық аумақтық органның бөлім бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттағы лауазымдарда бір жылдан кем емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес; 3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі алты жылдан кем емес;	Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Туристік полиция үшін міндетті түрде Қазақстанның тарихы мен шетел тілдерін білуі. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
5.	C-SVR-4	Учаскелік полиция инспекторы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім		
		Қалалық, аудандық аумақтық органның бөлім бастығының орынбасары Қалалық, аудандық, желілік кенттік		1) құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік	

6.	C-SVR -5	бөлімшелердің бастығы Облыстық аумақтық органның: бөлімшенің қабылдау-тарату орнының, арнайы қабылдау орнының, уақытша ұстау изоляциялық қызмет кинологиялық қызмет орталығының, автошаруашылығының, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекциясының, кезекші бөлімінің, жылжымалы полиция пунктінің, штабының, желілік пунктінің бастығы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі үш жылдан кем е м е с ; 2) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес;	Жедел-криминалистикалық қ ы з м е т к е криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Туристік полиция үшін міндетті түрде Қазақстанның тарихы мен шетел тілдерін білуі. Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
7.	C-SVR -6	Аумақтық органның: қалалық, аудандық, желілік, кенттік бөлімшесі бастығының орынбасары Қалалық, аудандық аумақтық органның бас м а м а н ы Қабылдау-тарату орны, арнайы қабылдау орны, уақытша ұстау изоляциялық, штаб бастығының орынбасары Полиция бөлімі бастығының кадр саясаты жөніндегі көмекшісі, кезекші бөлім бастығының көмекшісі-жедел кезекші	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бір жылдан кем е м е с ; 2) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес;	
8.	C-SVR -6	Қалалық, аудандық аумақтық органның аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі (жедел уәкілі, анықтаушысы)	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім	1) құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бір жылдан кем е м е с ; 2) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық	

				бағыттарына сәйкес келетін салалардағы қызмет өтілі төрт жылдан кем емес;	
9.	C-SVR -7	Барлық атаулардағы аға: тергеуші, анықтаушы, криминалист, жедел уәкіл, психолог, полиграфолог, мемлекеттік автоинспектор, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, инспектор және инженер	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім		Жедел-криминалистикалық қызметке криминалистикалық зерттеулер немесе сот сараптамалары өндірісіне құқығы бар біліктілік куәлігінің бар болуы. Туристік полиция үшін міндетті түрде Қазақстанның тарихы мен шетел тілдерін білуі.
10	C-SVR -7	Қалалық, аудандық аумақтық органның кәсіби даярлық жөніндегі аға инспекторы	нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім		Күрес пен атыстың жауынгерлік түрлері бойынша спорттық біліктілік атақтарының, разрядтардың және сертификаттардың болуы.
11	C-SVR -8	Барлық атаулардағы тергеуші, анықтаушы, криминалист, жедел уәкіл, психолог, полиграфолог, мемлекеттік автоинспектор, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, инспектор және инженер, қалалық, аудандық аумақтық органның учаскелік полиция инспекторының көмекшісі	1) нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары білім. 2) орта білімнен кейінгі білімі (тек учаскелік полиция инспекторы көмекшілерінің және инспектор-кинологтар лауазымдары үшін)		Туристік полиция үшін міндетті түрде Қазақстанның тарихы мен шетел тілдерін білуі. Арнайы даярлық бөліністері үшін күрес пен атыстың жауынгерлік түрлері бойынша спорттық біліктілік атақтарының, разрядтардың және сертификаттардың болуы.
12	C-SVR -8	Қалалық, аудандық аумақтық органның қылмыстық-атқару жүйесі және төтенше жағдайлар бөліністерінің барлық атаулардағы инспекторы және инженері	орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білімі		
		Облыстық, аумақтық органның жедел кезекшісінің көмекшісі,			

13	C-SV-12	аға техникі. Бөлімше командирі, барлық атаулардағы полицейлер, старшина, кезекшінің көмекшісі, кіші жедел уәкіл, тергеушінің көмекшісі, барлық атаулардағы қойма меңгерушісі	Орта білім		Полицей-жүргізушілер үшін жүргізуші куәлігінің болуы.
14	C-SV-13	Облыстық, аумақтық органның жүргізуші-қызметкері, барлық атаулардағы техниктер мен операторлар, кіші инспектор, кіші инспектор-кинолог	Орта білім		Полицей-жүргізушілер үшін жүргізуші куәлігінің болуы.

Ескертпе: Осы біліктілік талаптарындағы жұмыс өтіліне білім беру ұйымдарындағы, оның ішінде құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың, әскери оқу орындарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарындағы оқу кезеңдері және әскери қызмет өтіліне мерзімді әскери қызмет кезеңдері енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 432 бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.07.2019 № 646 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Санаты	Лауазымның атауы	Біліміне қойылатын талаптар	Жұмыс өтіліне қойылатын талаптар	Қосымша талаптар
1	C-SVU-1	Академия бастығы	Ғылыми дәрежесі	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде C-SVU-3, C-SV-4 санаттарынан төмен емес нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін лауазымдарда бір жылдан кем емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер

			немесе ғылыми атағының болуы	білім беру ұйымдарында басшы лауазымдарда екі жылдан кем емес ; 3) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда үш жылдан кем емес.	қатарынан тағайындалады.
2	C-SVU-2	Академия бастығының орынбасары Институт бастығы	Ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағының болуы Кадрлық, шаруашылық немесе саптық бөлімдері бойынша функцияларды жүзеге асыратын орынбасарлары үшін жоғары білімнің болуы.	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде C-SV-5, C-SVO-4, C-SVU-4 санаттарынан төмен емес нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін лауазымдарда бір жылдан кем емес; 2) арнайы мемлекеттік органдарда немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде білім беру ұйымдарында басшы лауазымдарда бір жылдан кем емес ; 3) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі жеті жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда екі жылдан кем емес.	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
3	C-SVU-3	Институт бастығының орынбасары	Ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағының болуы Кадрлық, шаруашылық немесе саптық бөлімдері бойынша функцияларды жүзеге асыратын орынбасарлары үшін жоғары білімнің болуы.	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес, оның ішінде C-SVU-5 санатынан төмен емес нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністің штаттық кестесінде көзделген қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес ; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі алты жылдан кем емес, оның ішінде білім беру ұйымдарында (кадрлық, шаруашылық немесе саптық бөлімдер бойынша функцияларды жүзеге асыратын орынбасарларды қоспағанда) екі жылдан кем емес; 3) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер

				жұмыс өтілі сегіз жылдан кем емес, оның ішінде басшы лауазымдарда үш жылдан кем емес.	катарынан тағайындалады.
4.	C-SVU-4	Академия немесе институт бастығының көмекшісі	жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде C-SVU-5 санатынан төмен емес нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен е м е с ; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем емес; 3) мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі бес жылдан кем е м е с ; 4) аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін салалардағы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес; 5) ғылыми немесе педагогикалық қызметте жұмыс өтілі бес жылдан кем емес;	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
5.	C-SVU-5	Факультет бастығы	жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде C-SVU-6 санатынан төмен емес нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністердің штаттық кестесімен қарастырылған келесі төмен тұрған санаттардан төмен е м е с ; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде білім беру ұйымдарында басшы лауазымдарында бір жылдан кем е м е с ; 3) ғылыми немесе	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер

				педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес;	қатарынан тағайындалады.
6.	C-SVU-5	ІІМ Оқу орталығының бастығы	жоғары білім	1) құқық қорғау қызметіндегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде C-SVU-6 санатынан төмен емес нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін лауазымдарда бір жылдан кем емес немесе нақты құрылымдық бөліністің штаттық кестесінде көзделген келесі төмен тұрған санаттардан төмен емес, оның ішінде білім беру ұйымдарында басшы лауазымдарында бір жылдан кем емес; 2) арнайы мемлекеттік органдардағы немесе әскери қызметтегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде білім беру ұйымдарында басшы лауазымдарында бір жылдан кем емес; 3) ғылыми немесе педагогикалық қызметтегі жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес;	Жоғары тұрған лауазымды атқару үшін кадр резервіне қабылданған қызметкерлер қатарынан тағайындалады.
